

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Қарағанды қаласы

2014 ж. 7-16 сәуір

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін «Қосымша білім берудің музыка бағытында (фортепиано) балалардың әлеуметтік-тұлғалық дамуын ұйымдастырудың заманауи жолдары» тақырыбындағы республикалық біліктілікті арттыру курстарын 2014 жылғы 7-16 сәуірде Қарағанды қаласындағы № 2 Өнер мектебінің базасында өткізді.

Курстың мақсаты – қосымша білім беру педагогтерінің біліктіліктерін арттыру – балаларға қосымша білім берудің бағыттары бойынша теориялық және практикалық білімдерін, нормативтік құқықтық қорын жетілдіруге, білім беру үдерісінде заманауи ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануға жағдай жасау, сонымен қатар педагогтердің шығармашылық әлеуеттерін дамытудағы әдістемелік көмек көрсету. Курсқа тыңдаушылар республиканың барлық өңірлерінен қатысты.

Ұсынылып отырған біліктілікті арттыру бағдарламасы балаларға музыкалық бағыттағы қосымша білім беруді дамыту мен одан әрі жетілдіруге қатысты негізгі сұрақтарды қамтыды.

Курс соңында тыңдаушыларға біліктіліктерін арттырғаны жөнінде куәліктер табысталды.